

№113 Қаракөл орта мектебі жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің 2022 – 2023 оқу жылындағы жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Жауапты
1	2021 – 2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі	Қаңтар	Н.Раймов
2	№113 Қаракөл орта мектебі КММ-нің бос лауазымдық орынға орналасуға арналған конкурстың өткізілуі туралы	Қыркүйек	Кеңес төрағасы
3	Қамқоршылық кеңестің отырысын жасау	Тоқсанына бір рет	Кеңес төрағасы
4	Мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандыру	Мамыр	Н.Таңбай
5	Міндетті оқу қорынан қыстық киіммен қамтамасыз етілетін әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы оқушыларын анықтау және құжаттарының жинақталуы жайлы	Қыркүйек Қазан	Л.Оспан
6	Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар	Қараша	Ж.Демеубаева

**№113 Қарақол орта мектебі жанындағы
қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№1**

16.01.2023 жыл

Қармақшы ауылы

Қатысуға тиісті: 15

Қатысқаны: 14

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. 2021 – 2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі

Хабарламашы: Н.Раймов

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Н.Раймов хабарлама жасады.

2021 – 2022 оқу жылында мектепті 11 сынып комплектісінде 154 оқушы білім алды. Жалпы білім сапасы 61,9% болды. Оқу жылында аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып, жақсы нәтижелерге жеттік. Спорт саласында да жетістіктеріміз бар. Оқушыларымыз ғылыми жұмыстарын облыс көлемінде қорғап шықты. Еңбек тәртібі, оқу бағдарламалары толық орындалып, материалдық база қамтамасыз етілді. Жазғы демалысты да өз дәрежесінде ұйымдастырдық. Биылғы оқу жылында да алға қойған мақсаттарымыз бар, орындау мақсатында жұмыстар атқарамыз.

Жарыссөз

1. Асарбаев С.-қамқоршылық кеңес төрағасы: Өткен оқу жылында мектеп үлкен жетістіктерге жеткендігін білеміз. Бұл ұжымдағы ұстаздардың еңбегі зор болды деп санаймын. Алдағы уақытта да мектеп ұжымы жақсы жетістіктерге жетеді деп сенім білдіремін.

2. Жақыпова Ж.- кеңес мүшесі: Мектеп директоры өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға толық тоқталып баяндама жасады. Қанағаттанарлық деп бағалаймын.

Қаулы

1. 2021 – 2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалын.

Жиналыс төрағасы



С.Асарбаев

Хатшы



Ж.Жақыпова

Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №113 Қаракөл орта мектебі КММ-нің
Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №2

Өткізілген жері: Қармақшы ауылы, №113 Қаракөл орта мектебі
Мерзімі: 2023 жылдың 14 қыркүйек күні

Қатысуға тиісті – 13 адам

Қатысқаны- 10 адам

Күн тәртібінде:

1. №113 Қаракөл орта мектебі КММ-нің бос лауазымдық орынға орналасуға арналған конкурстың өткізілуі туралы

Күн тәртібінің мәселесі бойынша тыңдалды:

Комиссия төрағасының орынбасары Қармақшы ауылдық округінің бас маманы Максат Амантаев хабарлама жасап, Қамқоршылық кеңес құрамымен таныстырды.

Бүгінгі кеңес отырысының күн тәртібіндегі мәселесі бойынша №113 Қаракөл орта мектебі КММ-нің бос лауазымдық орынға үміткер 2023-2028 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жоспарымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырды.

Даму стратегиялық жоспарының мақсатын орта құрушы факторлар мен жаңа форматты педагогикалық контингенттің, оқу мен өзін-өзі жетілдіруге ынталы оқушылар ортасын қалыптастыруға ықпал етуші инновациялық ортаның даму жолдарын айқындау және оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар мен қоғамдастық арасында тығыз байланыс орнату.

Міндеті: Білім мазмұнының саласында:

-вариативтік білім беру бағдарламаларын дамыту жолымен білім беру үдерісін артартпандыру;

-оқушыларға қолжетімді сапалы білім беру қызметтерін көрсетететін білім беру ұйымы ретінде №113 Қаракөл орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызмет етуімен қызмет үлгісінің дамуын қамтамасыз етуші нормативтік -құқықтық,ұйымдастырушылық - педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық- педагогикалық жағдаяттар жүйесін құру;

-әлеуметтік және педагогикалық талаптарға барынша сай келетін инновациялық технологияларды меңгеру;

-оқу жоспарының вариативтік оқу бөлігінің есебін білім беру қызметтері тізімін кеңейту;

-оқыту мен тәрбиелеу сабақтастығын қамтамасыз ету;

-білім алушылардың білімге деген және шығармашылық сұраныстарын барынша қанағаттандыру жағдайларын жасау;

-тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру;

-оқушының танымдық белсенділігін, зияткерлік қабілеттіліктерін,өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту; оқушының өзін барынша толық іс жүзінде танытуына жағдай жасау.

Шығып сөйлеушілер

Амантаев Максат-Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары

Құрметті кеңес мүшелері, бүгін біз бос лауазымдық орынға үміткердің даму жоспарымен және тәртіпжоспарын танысып отырмыз. Сіздерден өз ойларыңызды ортаға салуларыңызды сұраймын. Сіздерге сәттілік тілеймін.

1.Бос лауазымға үміткер Ж.Демеубаева өз бағдарламасын таныстыра отырып, алға қойған мақсаттарын, өзінің педагогикалық еңбек жолына, жетістіктеріне тоқталды.

2.Бос лауазымға үміткер А.Сүлейменова өзінің еңбек жолын осы мектептен бастағандығына тоқтала келіп, қазіргі таңда аудандық агро-техникалық колледжде тәрбие саласында қызмет жасап жатқандығына тоқталып, өз жетістіктермен бөлісті.

Киізғапов Рысбек -Қамқоршылық кеңес мүшесі.Саламатсыздар ма, кеңес мүшелері. Бүгін біз №113 Қаракөл орта мектебінің директоры бос лауазымына үміткерлердің жұмысымен таныстық. Конкурс ережесіне сәйкес бір үміткерді таңдауымыз қажет. Үміткерлердің бағдарламасын саралай отырып, мен өз дауысымды Ж.Демеубаеваға беремін.

Абзалов Мұрат - Қамқоршылық кеңес мүшесі. Сіздердің ұсынған даму жоспарыңызбен таныстым. Екі үміткерлердің де еңбек жолдары және тәжірибелерінің шамалас болуына байланысты таңдауда оңай болып тұрған жоқ.Сәттілік тілеймін.

Сұлтанбекова Баян- Қамқоршылық кеңес мүшесі
Саламатсыздар ма, кеңес мүшелері. Ж.Демеубаеваның ұсынған жоспары мен жұмыс нәтижелеріңіз арқылы каншама білім мен еңбекті көріп тұрмын. Әрине, конкурста Сіз түсіп отырғандықтан, сізге сәттілік тілеймін.

Әмзеева Нұргүл - Қамқоршылық кеңес мүшесі
Құрметті кеңес мүшелері, жарияланған бос лауазымға конкурс жарияланған соң, үміткер екі кезеңнен өтеді. Біздің куә болып отырған сәтіміз екінші кезең. Үміткер бірінші кезеңнен өтіп келіп отыр.

Исмаилов Әділет- Қамқоршылық кеңес мүшесі
Бүгінгі кеңестегі күн тәрбіне сәйкес, үміткерлердің жұмыс жоспарымен таныстық. Екі үміткерге де сәттілік тілеймін.

Байменов Қайрат- учаскелік полиция қызметкері.
Бүгін мен қамқоршылық кеңеске алғаш қатысып отырмын. Сіздердің ұсынған жоспарыңыздағы жұмыстардың атқарылуына тілектеспін. Қазіргі таңда бала тәрбиесі басты мәселе. Тәрбие саласында қызмет атқарып отырғандықтан мен өз дауысымды А.Сүлейменоваға беремін.


Амантаев Мақсат -Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, басқа да шығып сөйлеушілер болмаса, ұсыныс пікірлеріңізді қортындылап болсақ, үміткерлерге дауыс беру тәсілімен таңдауымызды жасайық.**Дауыс қорытындысы: Ж.Демеубаеваға-7**

Амантаев М, Киізғапов Р, Абзалов М, Исмаилов Ә, Әмзеева Н, Адилова А, Сұлтанбекова Б.


А.Сүлейменоваға-3 , Әбетова Г, Байменов Қ, Жақыпова Ж


Қамқоршылық кеңес төрағасы және қатысқан мүшелері мектеп директорының бос лауазымына үміткер Демеубаева Жанат Шакизадақызын көпшілік дауыспен, конкурстың келесі кезеңіне қатысуына өз келісімдерін берді.


Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Кеңес төрағасының орынбасары  М.Амантаев

Мүшелері:


 М.Абзалов


 Ә.Исмаилов

 Б.Сұлтанбекова

 Р.Киізғапов

 Қ.Байменов

 Г.Әбетова

 Н.Әмзеева

 А. Адилова

Хатшы:

 Ж.Жақыпова

**№113 Қаракөл орта мектебі жанындағы
қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№3**

14.04.2023 жыл

Қармақшы ауылы

Қатысуға тиісті: 15

Қатысқаны: 15

Күн тәртібіндегі мәселе

1. Қамқоршылық кеңестің отырысын жасау

Хабарламашы: С.Асарбаев

Тындалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы С.Асарбаев хабарлама жасады.

2022 – 2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес құрамын бекіту

1. С.Асарбаев – қамқоршылық кеңес төрағасы

Қамқоршылық кеңес мүшелері

1. Скендиров Айдынбек
2. Раймов Нуржан
3. Байменов Қайрат
4. Сұлтанбекова Баян
5. Исмайлов Әділет
6. Жақыпова Жаухар
7. Киізғапов Рысбек
8. Абзалов Мұрат
9. Махашова Эльмира
10. Әбубакирова Махаббат
11. Адилова Аягөз
12. Әмзеева Нұргүл
13. Әбетова Гүлмайра
14. Амантаев Мақсат
15. Таңбай Нұрлыхан

Жарыссөз

1. М.Амантаев қамқоршылық кеңес мүшесі: 2022 – 2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңес құрамын төмендегіше бекітілсе деймін. Алдағы уақытта жақсы жұмыстар атқарамыз деп сенім білдіремін.

Қаулы

1. Қамқоршылық кеңес құрамы
 1. С.Асарбаев – қамқоршылық кеңес төрағасы
- Қамқоршылық кеңес мүшелері


1. Скендиров Айдынбек
2. Раймов Нуржан
3. Байменов Қайрат
4. Сұлтанбекова Баян
5. Исмайлов Әділет
6. Жақыпова Жаухар
7. Киізғапов Рысбек
8. Абзалов Мұрат
9. Махашова Эльмира
- 10.Әбубакирова Махаббат
- 11.Адилова Аягөз
- 12.Әмзеева Нұргүл
- 13.Әбетова Гүлмайра
- 14.Амантаев Мақсат
- 15.Таңбай Нұрлыхан болып бекітілсін.

Кеңес төрағасы



С.Асарбаев

Хатшы



Ж.Жақыпова

**№113 Қаракөл орта мектебі жанындағы
қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№4**

19.05.2023 жыл

Қармақшы ауылы

Қатысуға тиісті: 15

Қатысқаны: 13

Күн тәртібіндегі мәселе

Мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандыру

Хабарламашы: Н.Таңбай

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Таңбай хабарлама жасады.

Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырылады. Алдағы уақытта біз төмендегі міндеттерді басшылыққа ала отырып

- Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- Мектептің материалдық – техникалық базасын жетілдіру;
- Спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;
- Аз қамтамасыз етілген отбасыларға көмек көрсету;

Жарыссөз


1.Н.Әмзеева кеңес мүшесі: баяндамашының айтқан сөздерімен толық келісемін. Алдағы уақытта жақсы жұмыстар атқрады деп сенім білдіремін.

2.Ә.Исмайлов кеңес мүшесі: хабарламашының айтқан сөздерімен толық келісімін. Нәтижелі жұмыстар шығады деп айта аламын.

Қаулы

1. Мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрағасы  С.Асарбаев

Хатшы  Ж.Жақыпова

**№113 Қаракөл орта мектебі жанындағы
қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№5**

13.09.2023 жыл

Қармақшы ауылы

Қатысуға тиісті: 15

Қатысқаны: 14

Күн тәртібіндегі мәселе

1. Міндетті оқу қорынан қыстық киіммен қамтамасыз етілетін әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы оқушыларын анықтау және құжаттарының жинақталуы жайлы

Хабарламашы: Л.Оспан

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Л.Оспан хабарлама жасады.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты 2022-2023 оқу жылы

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1	Барлық оқушылар	154	100 %
2	Отбасы түрі бойынша:		
3	Толық отбасылар	60	
4	Толық емес отбасылар	8	
5	Анасы жоқ балалар	6	
6	Әкесі жоқ балалар	6	
7	Көп балалы отбасы	43	
8	Аз қамтамасыз етілген отбасы	45	
9	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар		
10	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	1	
11	Өгей әке	1	
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар		
13	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар		
14	Ата-аналарының білімі:		
15	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	90	58%
16	Техникалық және кәсіптік	75	49%
17	Орта	131	85%

Мектеп-лицей директорының 29.08.2022ж күнгі бұйрығымен қыркүйек айының 1 жұлдызынан бастап 59 оқушының тізімі бекітіліп, оқушылар

**№113 Қаракөл орта мектебі жанындағы
қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**

№6

06.11.2023 жыл

Қармақшы ауылы

Қатысуға тиісті: 15

Қатысқаны: 14

Күн тәртібіндегі мәселе

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар

Хабарламашы: Н.Раймов

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Н.Раймов хабарлама жасады.

«ҚР – ғы баланың құқытары туралы», ҚР Заңының 10 бабына сәйкес, әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір – қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуіне қамтамасыз етеді, оны тәнін және немесе жанын жәбірлеуден, адамдық қадір – қасиетін қатігездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс – әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жаауға тартудан және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады. Осы тұрғыда, мемлекеттік уәкілетті органдар балаларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алып, қауіпсіздік шараларын күшейтуде барлық шараларды қолдануда.

Мынадай сақтық шаралары ұсынылады:

Уақытылы сабаққа бару, уақытылы үйге қайту, беймезгіл уақытта көшеде жалғыз жүрмеуі, көшеде бөтен адамдармен сөйлеспеу, бөтен адамның көлігіне отырмау, бөтен адамнан көшеде сыйлық алмау, көп қабатты үйдің кіре берісіне, лифтіге бөтен ер адаммен кірмеу, бөтен адам жат қылықтар жасаса айқайлап, басқа адамдардан көмек сұрау қажет.

Жарыссөз

1. Абзалов Мұрат кеңес мүшесі: қазіргі таңда түрлі сұмдық жағдайлар болып жатыр. Мектептің алдын алу шаралары жақсы ұйымдастырылған. Бақылауды күшейту керек. Біз ата-аналар қолдауға дайынбыз.

2. Амантаев Мақсат кеңес мүшесі: оқушыларға қажетті ақпараттар берілді. Балалар абай болып жүруі тиіс. Сондықтан барлығын бақылауда ұстау керек.

Қаулы

1. Мектептегі балалар мен жасөспірімдердің сақтық шаралары жайлы және өмір қауіпсіздік шаралары басты назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы



С.Асарбаев

Хатшы



Ж.Жақыпова